

Тыңдалды: Ж.Кулыншакова Бала өмірі мен қауіпсіздігін қорғау, қызметкерлер өз өмірінің қауіпсіздігін сақтау жөнінде нұсқау жүргізу. Ішкі еңбек тәртібі. Лауазымдық міндеттерін атқару жөнінде бөбекжай балабақша меңгерушісі А.Бакишева сөз жалғастырды. Балабақша қызметкерлерін бала өмірімен денсаулығын қорғау және қызметкерлердің өз өмірін сақтау жөнінде нұсқаулықтарымен таныстырылып оны сақтауды тапсырды.

Тәрбиешілер, тәрбиеші көмекшілері

-топтағы әр баланың өмірі мен денсаулығына жауапты;

- балабақшада балалар үшін қолайлы санитарлық-гигиеналық жағдай жасау.

-оқу тәрбие процесінің мемлекеттік стандарт талаптарын сай болуы, қауіпсіз жағдай жасау

-балаларды қараусыз қалдырмау керек.

-сабақ өткізу, ойнау, серуендеу, сауықтыру шаралары, барысында балабақша бөлмелерінде, тыс жерде балалардың қауіпсіздігін қамтамасыз ету.

-балаларды жалғыз үйге жібермейді, бөгде адамдарға бермеу, себептер пайда болғанда меңгерушіге хабар беру қажет.

Меңгеруші әрбір қызметкерлерге берілген өз лауазымдық міндеттерін айтып өтіп, әрқайсысына беріп өздері оқып шығуына жағдай туғызды. Барлық қызметкерлерді нұсқаулықпен таныстырды.

Жалпы барлық қызметкерлер балабақшада өз өмірлерінің қауіпсіздігін сақтау ережелерімен, нұсқаулығынымен таныс болыңыздар. Нұсқау ережесін қатаң сақтауларыңызды тапсырамын.

Балабақшадағы ішкі еңбек тәртібі мен бөбекжай балабақша меңгерушісі А.Бакишева таныстыра отырып орындалуын, қадағалауын өз жауапкершілігіне қалдырды. Балабақшада белгіленген жұмыс уақыты бойынша талаптар орындалуы тиісті екендігі атап көрсетті. Лауазымдық міндеттермен таныстырып, қызметкерлер танысқаны жөнінде растап қол қойды.

Сөйледі: А.Бакишева балабақша меңгерушісі әрбір қызметкер бала өмірі және өз өмірінің қауіпсіздігін сақтау нұсқаулығымен, өз міндеттерімен таныстырылған. Әрбір оқу жылының басында, ғимаратта жылу жүйесі іске қосылатын қысқы маусымда, көктемгі көгалдандыру кезінде кеңес нұсқаулармен қайта таныстырылып қол қоясыздар. Және де сол ережені сақтап, жауапкершілікпен қарауға, міндеттеріңізді дұрыс атқаруды тапсырамын деді.



Бекітемін;

2021 жылдың 27 тамыз
айында №1 педагогикалық
кеңесте бекітілген
меңгерушісі:

А. Бакишева

2021-2022 оқу жылының өндірістік кеңес хаттамалары

Өндірістік кеңестің №1 хаттамасы

Қатысқандар:24

тамыз 2021ж

Күн тәртібі:

2. Жаңа оқу жылына дайындық .
2. Бала өмірі мен денсаулығын қорғау бойынша нұсқау жүргізу. Қызметкерлер лауазымдық міндеттерін бекітіп таныстыру.
3. Ішкі еңбек тәртібін, лауазымдық міндеттерін бекіту .

Тыңдалды:

Сөйледі: А.Бакишева.

Жөндеу жұмыстарына тоқталсам, қажетті жерлерге жасалды. Балаларға зияны тимеу үшін сенбі, жексенбі күндері топтарды кезекпен жасап отырдық, дәліздер мен әкімшілік бөлмелерінде ақталып, сырлап өттік. Жаңа оқу жылына ғимаратымыз дайын. Жылу жүйесі де тексеріліп, қазандықтар дайын.

Сөйледі: Ж.Кулыншакова балабақша әдіскері мектепке дейінгі тәрбие мен оқыту ұйым қызметкерлері мемлекеттік стандарт талаптарының орындалуына жауапты екенімізді білеміз, орындауға міндеттіміз.

Демек, жаңа оқу жылында оқу-тәрбие ісін ұйымдастыру үшін, талаптарға сай жабдықталуымыз қажет. Балабақшаның материалдық техникалық базасы мықты. Балаларға ойнау, ұйықтау, спортпен шұғылдану, ән айтып, би билеу, тамақтану, бөлмелері бар, жағдай жасалған. Дамытушы орталар толықтыруларды қажет етеді. Тәрбиешілер әр топқа сәйкес дамытуша орта, топ бұрыштарымен көрнекіліктерімен толықтыру жұмыстарын жүргізуде.

Мектепке дейінгі ұйымның басты міндеттерінің бірі- бала өмірін қорғау және бала денсаулығын нығайтуды камтамасыз ететін заттық-кеңістік дамытушы ортаны құру. Ал спорттық ойындарға арналған құралдар да балаға қауіпсіз, ыңғайлы, бала санына жеткілікті, жас ерекшелігіне сай тура келуі керек. Спорттық құрал ретінде велосипед, кеглилер, самокат, секіртпелер, доптар, құрсаулармен толықтыру керек. Құралдарды ұқыпты пайдаланып, таза ұсталуы керек. Оқу- тәрбие процесін жүргізуде дайындықтар жүруде деді. Балалар тізімін анықтап, қажетті жерге тізімі іліну керек. Тәрбиешілер әр топқа сәйкес дамытуша орта, топ бұрыштарымен көрнекіліктерімен толықтыру жұмыстарын жүргізуде. Оқу- тәрбие процесін жүргізуде дайындықтар жүруде деді.

Шешім

1. Жаңа оқу жылына дайындық жүргізілсін.
2. Берілген нұсқаулықтар бойынша балалар өмірін қорғау, қызметкерлер өз өмірлерін сақтау ережелерін сақтасын.



Кеңес төрайымы:

Хатшы

А.Бакшева

Ж.Кулыншакова

№ 2 өндірістік кеңестің хаттамасы

Желтоқсан 2021 ж

Қатысқандар саны-25

Күн тәртібі:

1. Өткен кеңестің шешімдерінің орындалуы.
2. Балабақшаның қысқы жылу мерзіміне дайындығы, топтарға жылудың берілуі мен сақталуы.
3. Балабақшадағы күнделікті рижімдегі бақылау жұмыстары. **Тындалды:** Өткен кеңестің шешімдерінің орындалуына балабақша меңгерушісі А.Бакишева тоқталды. Қызметкерлер ішкі еңбек тәртібі, лауазымдық міндеттеріне сай жұмыс істеп жатқанын айтып өтті. Сонымен бірге меңгеруші А.Бакишева балалардың өмірі мен денсаулығын сақтау нұсқаулығы бойынша тәрбиешілер мен көмекшілері толыққанды жұмыс істеп жатқанын, балабақшада тосын жағдай орын алмағанын айтып өтті. Балабақша меңгерушісі А.Бакишева өткен кеңестің қаулыларының орындалуы қанағаттанарлық деп қорытындылады.

Тындалды : шаруа меңгерушісі Б.Маменов «Балабақшаның қысқы жылу мерзіміне дайындығы, топтарға жылудың берілуімен сақталуы» мәліметін жасады. Балабақша қыс мерзіміне дайын. Жылу жүйесіндегі ақаулар жөнделіп, мұржалар тексеруден өткізіліп пештер қысыммен тексерілді. Барлық топ 20-22⁰ С қалыпты температура сақталуда екенін айтты. Меңгеруші А.Бакишева жылу беру маусымына байланысты от жағушыларды, педагог және ішкі қызметкерлер арасында өрт және техника қауіпсіздігін сақтау үшін арнайы нұсқаулықтармен таныстырды. Қауіпті жағдай туындаған жағдайда басшыларға жедел түрде хабарлау керектігін,

электр тогына қосылатын жылу жүйесін пайдаланбау, балаларға қауіпті екенін айтып өтті.От жағушы қазандықтардың жалпы жағдайы жайлы хабарлап, баяндап тұруы тиіс.Электр сымдарының, өшіргіштер мен розеткалардың жағдайын қадағалау, балаларға электр тогінің үлкендерсіз қауіпті екенін түсіндіру жұмыстары жүргізілуі тиіс деп айтып өтті.

3.Балабақшадағы күнделікті рижімдегі бақылау жұмыстары. **Тыңдалды:**
Балабақша әдіскері Ж.Кулыншакова

№	Күн тәртібінің элементері	Ерте жас	Кіші топ	Ортаңғы топ	Ересек тобы
1	Балаларды қабылдау, тексеру, ойындар	08.00-08.25	8.00-08.25	08.00-08.25	08.00-08.25
	Таңертеңгілік жаттығу	08.25-08.30	08.25-08.30	08.25-08.30	08.25-08.30
	Таңертеңгілік асқа дайындық , Таңертеңгі ас,Ойын	08.30-08.50	08.30-08.50	08.30-08.50	08.30-09.00
	Ұйымдастырылған оқу қызметіне дайындық	08.50-09.00	08.50-09.00	08.50-09.15	09.00-09.20
2	Ойнайық та ойлайық Ұйымдастырылған оқу қызметі (үзілістерді қоса алғанда)	09,00-09.15	09.00-09.30	09.15-10.00	09.20-10.00
	Ұйқы	09.15-11.00 (1-1,6жас)			
3	Табиғат аясында серуенге дайындық	09.15-09.30 (1,6-2 жас)	09.30-09.50	10.00-10.20	10.00-10.20
	Серуен табиғатпен таныстыру,еңбек, ойындар	09.30-11.00	09.50-11.30	10.20-12.00	10.20-12.10
	Гигеналық және шынықтыру шаралары	11.00-11.20	11.30-11.50	12.00-12.20	12.10-12.30
4	Ас-адамның арқауы. Түскі ас	11.20-12.00	11.50-12.30	12.20-13.00	12.30-13.00
5	Тәтті ұйқы. Күндізгі ұйқыға жатқызу ,ұйқы	12.00-15.00	12.30-15.00	13.00-15.10	13.00-15.10
6	Ұйқымызды ашайық Ұйқыдан ояну,шынықтыру шаралары	15.00-15.30	15.00-15.30	15.10-15.40	15.10-15.40
7	Бесін ас Бесін ас	15.30-16.00	15.30-16.00	15.40-16.00	15.40-16.00
8	«Алқай ойын» Сюжетті-рөлдік ойындар Шығармашылық және дидактикалық ойындар	16.20-16.40	16.00-16.20	16.00-16.30	16.00-16.30
	Серуенге дайындық	16.20-16.40	16.20-16.40	16.30-16.50	16.30-16.50
	Серуен,қимылды ойындар Гигеналық-шынықтыру шаралары	16.40-17.40	16.40-17.40	16.50-17.40	16.50-17.40
9	«Ертеңге дейін»	17.40-18.30	17.40-18.30	17.40-18.30	17.40-18.30

	Балалармен ,ата-аналрмен қарым- катынас. Балалардың үйге қайтуы				
--	--	--	--	--	--

Шешімі:

- 1.Балалардың денсаулығын нығайтуда бірлесе жұмыс жүргізілсін.
- 2.Қызметкерлердің лауазымдық міндеттері танытырылсын.

Кеңес төрайымы:



Хатшысы:

[Signature]

А.Бакишева

[Signature]

Ж.Кулыншакова

Өндірістік кеңестің №3 хаттамасы

Қатысқандар: 24

наурыз 2022ж

Күн тәртібі:

1. Өткен кеңестің шешімдерінің орындалуы.
2. Балабақшаның инвентаризация жүргізу.
3. Балабақша ауласын көгалдандыру, тазалық жөнінде.
4. «Өрт және техникалық қауіпсіздігін сақтау» туралы.

Тыңдалды: Балабақша меңгерушісі А.Бакишева өткен кеңестің шешімдеріне тоқталып өтті. Балабақша іші жылы, жаңа жыл мерекесінде барлық қауіпсіздік шаралары сақталды. Балалардың денсаулығын сақтау мен шынықтыру мақсатында сауықтыру шараларына арналған құралдар көрмесі жақсы өтті. Балалар таңертеңгі жаттығу кезінде және ұйқыдан кейін жасалатын шынықтыру шараларында осы құралдарды қолданып жатыр. Тәрбиешілердің еңбегі бағаланды. Әлі де ізденіп, толықтыра түсу керек, -деп айтып өтті.

Тыңдалды: Балабақша есепшісі: Д.Дусенова шаруа меңгерушісі: Б.Маменов пен инвентаризация жүргізді.

Тыңдалды : меңгеруші А.Бакишева көктем мезгілі балалардың далада көп жүретін кезі екеніне тоқталып, балабақшаның тазалығы және тәртібі жайлы ескертулер берілді. Демалыс кездерінде балабақша қауіпсіздігіне күзетшілердің жауаптылығы тапсырылды. Аула тазалаушыға өз міндеттері ескертілді.

3. «Өрт және техникалық қауіпсіздігін сақтау» туралы. Балабақша меңгерушісі: А.Бакишева

Өрт қауіпсіздігін сақтау туралы

Қазақстан Республикасының өрт қауіпсіздігі саласындағы заңнамасына сәйкес өрт қауіпсіздігін болдырмау және алдын-ала жұмыстарды орындау

мақсатымен **БҰЙЫРАМЫН:**

1. Мекеме күзетшісі күнделікті бөбекжай-бақша ғимараты мен аумағының өртке қарсы құралдардың сақталуын үнемі қадағалап отырсын.
2. Өрттен сақтану қауіпсіздігі туралы нұсқаулар жүргізіліп, іс-шаралар өткізілсін.
3. 1-2 қабаттардағы дәліздерге өрттен сақтандыру эвакуация жоспары ілінсін.
4. Бөбекжай-бақшада эвакуациялық шығу есіктері еркін ашылсын және артық

- заттармен кедергіленбесін.
5. Барлық ток желілері тексеруден өткізіліп, жарамсыз ток желілерін пайдалануға тиым салынсын.
 6. Қолдан жасаған жылыту пештерін пайдалануға жол берілмесін.
 7. Жұмыс уақытысы біткен соң барлық ток желілерінің ажыратылуы қатаң қадағаланып, қарауылға өткізілсін.
 8. Бөбекжайда өрт бақылау мекемелерінің рұқсатынсыз дәнекерлеу жұмыстары жүргізілмесін, автоматты өрт дабыл қаққыштарының жұмысқа жарамдылығы тексеріліп, жұмысуақытысы біткеннен соң әр күні қарауылға тапсырылсын
 9. Мерекелік іс-шаралар өткізу кезінде жарылғыш және жанғыш заттарды пайдалануға тиым салынсын.
 10. Алғашқы өрт сөндіру құралдарымен ережеге сай қамтамасыз етілсін.
 11. Осы бұйрықтың орындалуын қадағалау шаруашылық меңгерушісі Б.Маменовке жүктелсін.

Шешімі:

1. Балабақша ауласы мен топтар көгертілсін.
2. Көктем мезгіліне қарай балабақша ауласы тазалығы сақталсын

Кенес төрайымы



Хатшысы

А.Бакишева

Ж.Кулыншакова

Өндірістік кеңестің №4 хаттамасы

Қатысқандар: 24

мамыр 2022ж

Күн тәртібі:

1. Өткен кеңестің шешімдерінің орындалуы.
2. Жаз мезгілінде балалардың өмірі мен денсаулығын қорғау бойынша нұсқаулық.
3. Қызметкерлердің еңбек демалыс кестесін бекіту.
4. Кеңсе заттары мен құрылыс және басқа да жөндеуге қажетті заттармен қамтамасыз ету.

Тыңдалды: б/б әдіскері: Ж.Кулыншакова

Жазғы сауықтыру жұмыстары туралы ақпарат

Жазғы сауықтыру жұмыстары жылдық жоспарға сәйкес ұйымдастырылды және тәрбиеленушілердің өмірін және денсаулығын қорғау, денсаулықты сақтау тәртібін ұйымдастыру, балалардың танымдық қызығушылығын дамытуға бағытталды.

Жазғы сауықтыру жұмыстарының негізгі мақсаты:

балабақшада балалармен жазғы сауықтыру жұмыстарын ұйымдастыруға ең тиімді жағдайлар жасау және балалардың жазғы мезгілде танымдық қызығушылығын дамыту;

балалардың спорттық іскерліктері мен машықтарын дамыту және балалардың қимыл-қозғалыс белсенділігін арттыру бойынша жұмыстарды жалғастыру; балалардың көтеріңкі көңіл-күйін туғызу.

Тәрбиеленушілердің таза ауада көбірек болуына, қимылды ойындар арқылы қимыл-қозғалыс белсенділігін арттыруға, спорттық ойындарға, ойын-сауықтарға үлкен мән берілді.

Балабақша меңгерушісі: А.Бакишева және есепші Д.Дусенова 2021-2022 оқу жылына арнап кесте яғни еңбек демалысы туралы кесте түзілді.

Еңбек демалысын есептеу жалақыны есептеудің бірыңғай ережелеріне сәйкес жүзеге асырылады, атап айтқанда қызметкердің соңғы 12 айдағы жалақысы негізінде және демалыс кезеңіне келетін жұмыс күндері үшін ғана төленеді. Осыған байланысты демалыстың мөлшері ағымдағы жалақыға сәйкес келмейді. Демалыс айындағы демалыс және айлық жалақы мөлшері демалыс үшін таңдалған кезеңге байланысты өзгереді. Демалу үшін және сонымен бірге қаржылық жағынан зардап шекпеу үшін демалысты демалыс кезінде көбірек жұмыс күндері болатындай етіп есептеу керек. Сондай-ақ демалыс кезеңіне келетін мереке күндерінің ұзартылатынын ескеру қажет.

4. Кеңсе заттары мен құрылыс және басқа да жөндеуге қажетті заттармен қамтамасыз ету жөндеу керек болған үстел стол есік сынған жерлерді дұрыстап кемкетік жерлерді шаруашылық меңгерушісі Маменов Базарбай Мусабаеваичке тапсырылып жүктелді.

Шешім

1. Өткен кеңестің шешімдерінің орындалсын.
2. Жаз мезгілінде балалардың өмірі мен денсаулығын қорғау бойынша нұсқаулықпен таныстырылсын.
3. Қызметкерлердің еңбек демалыс кестесін бекітілсін.
4. Кеңсе заттары мен құрылыс және басқа да жөндеуге қажетті заттармен қамтамасыз етсін.

Жиналыс төрайымы:
Хатшы:



А.Бакишева
Ж.Кулыншакова